Келісілді
Абай облысы білім басқармасының
Семей қаласы білім бөлімінің
«№5 «Бала әлемі» бөбекжайы» КМҚК
әдіскері С К Аскатова _____

Бекітілді
Абай облысы білім басқармасының
Семей қаласы білім бөлімінің
«№5 «Бала әлемі» бөбекжайы» КМҚК
меңгерушісі Г.В. Увалиева _____

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ жоспары

Білім беру ұйымы Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 5 «Бала әлемі» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Топ: Кіші «**Құралай**»
Балалардың жасы **2 жастағы балалар**
Жоспар қандай кезеңге жасалды қыркүйек 2023 ж – мамыр 2024ж

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Денешынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар жасуды қалыптастыру**. 1.Әртүрлі бағытта жүру 2.Берілген бағытта шеңбер бойымен жүру 3.Қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүру 4.Аяқтың ұшымен жүру Қоз/ойындар:«Қуыршақтарға қонаққа бару» , «Доптарды қуып жет!» ,«Жалғыз аяқ жолмен » «Кім баяу?» **Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру** Құрдастырмен бірлескен әрекетке дағдыландыру. **Мәдени-гигиеналық дағдылар.** Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгігпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеуге үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру** Сөзді түсіну. .Заттардың түсін айыру. Ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынаста алғашқы әдеп нормаларына сәйкес сөздерді қолдануды үйрету (амандасу,қоштасу, рахмет айту) Айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдай білуге дағдыландыру. (Қайрымдылық, Мен тәртіпті баламын, Әдептілік әлемі, Екі дос)
	Көркем әдебиет	**Халық ауыз әдебиеті шығармашылығына қызығушылықтарын қалыптастыру** Ересектердің көмегімен сөздерді қайталап айту Көркем шығарма мамұны бойынша қойылымдарға қатысу Үстел үсті,саусақ таетрлары өз бетінше орындау Кітаптары өз бетінше қарауға мүмкіндік беру Ертелердің ,әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамыуын қадағалауға

		дағдыландыру. Балалардың пассивті және белсенді сөздік қорын молайту. («Бауырсақ» ертегісі, «Құз» жаттамақ, Мен тәртіпті баламын, Қайрымдылық)
	Сенсорика	Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, ой-өрісін кеңейту**.** Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру; Түрлі сенсорлық әсерлермен байыту; (түр-түсін,көлемін ажыратуға Дағдыландыру:заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; «Шуақты күн »» ,«Құлыншаққа арналған жол», «Терезелі үй » «Түрлі түсті доптар» (көк,қызыл)
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту.** Көкөністер мен жемістер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Көкөніістер мен жемістер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру.(Менің отбасым, Балабақшам-өз үйім, күзгі табиғат, жемістер-алма)
	Құрастыру	**Құрлыс материалдарынан және ірі констурктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету**. Кірпіштерден,ағаш конструкторлары және текшелерден,пластмасса құрлыс материалдарымен таныстыру.Пішіндері,түстері,көлемдері жайлы түсінік беру.
	Сурет салу	**Балаларды бейнелеу әрекетіне қызығушылығын ояту.** Балалардың көркемдік қабылдауын дамыту. Балалардың сурет салу техникасын жетілдіру. (қағаз, қарындаш, қылқалам және гуашпен таныстыру) **Кеңестікті бағдарлауға үйрету.** Дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу
	Мүсіндеу	**Балалардың сазбалшық,ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру** Техникалық дағдаларды қалыптастыру, заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеуге үйрету.
	Жапсыру	**Жапсырудың қарапайым тәсілдерін меңгерту**. Жапсыруға қызығушылықты ояту Фланелеграфта қарапайым композиция құруға және орналастыруға үйрету.
	Музыка	-бейнелеу өнеріне, музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; –балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу. **Музыка тыңдау** 1) музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру; «Ойыншықтар» әні: И.Нүсіпбаев, сөзі: Н.Әлімқұлов. «Жаңбыр» әні: Д.Ботбаев сөзі: **Ән айту:** 1) ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру.«Жемістер мен көкөністер» әні және сөзі: Г.Абдрахманова **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.** Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау;

		2) пьесаның екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру, басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін өзгерту (қатты-баяу). «Машина» әні: Қ. Қуатбаев, сөзі: Т.Тұяқбаев. «Қуыршақпен билейміз» әні: Ж.Тұрсынбаев сөзі: Е.Өтетілеуұлы.
Қазан	Денешынықтыру	**Негізгі қимыл жаттығулары.** Тура жолмен жүгіру Қолдарын жоғары көтеріп жүгіру Аттап жүру Жіптің бойымен жүр Қозғалмалы ойындар: «Таяқтан аттап өт!», «Кім баяу?», «Мені қуып жетіңдер», «Торғайлар мен автомобиль» **Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау білімін бекіту**. Киіндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әртүрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жолдасының киіндегі ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынуға үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	**Байланыстырып сөйлеу**. Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін жәнемазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету
	Көркем әдебиет	**Таныс суреттер таныс тақпақтарды қайталауды** Кітаптардағы таныс кейіпкерлерді көрсетуге мүмкіндік беру. Көркем сөзге қызығушылықты ояту **Мәнерлеп сөйлеуге қызығушылықты ояту.** Таныс шығармалар мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындау Ойыншықтарды қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету Тақпақтардың интонациясын қабылдауын дағдыландыру. («Алтын дән», «Шалқан», «Жемістер жыры», «Екі дос»)
	Сенсорика	**Қимылды үйлесімділілік**. Қолдың ұсақ бұлшық еттерін, "көз-қол" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. «Қорапшаларға орналастыр», «Әтешті құрастырайық», «Үйшік»,, «Иттер менің досым»
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Суреттен жануарларды тауып атау**. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру

	Құрастыру	Құрылыс үлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға, үй, машина, жиhаздар құрылысының жетіспейтін бөліктерін таба білу біліктерін қалыптастыру Кірпіштерді көлденеңінен орналастыру, кірпіштерді бірінің үстіне бірін қою, текшелерді кірпіштермен үйлестіру – үстел, орындық, диван, үйшік, трамвай, көпір, төбешік жасуға үйрету дағдыларын қалыптастыру.
	Сурет салу	**Сурет салу техникасын жетілдіру** түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, жол,), парақ бетінде бейнені орналастыру үйрету. Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту.
	Мүсіндеу	**Техникалық дағдыларды қалыптастыру**: заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу. сазбалшықпен, ермексазбен жұмыстың бастапқы дағдыларына игерту бірдей және түрлі көлемді шарларды біріктіру жолдарымен заттарды мүсіндей
	Жапсыру	**Фланелеграфпен жұмыс** Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету, қарапайым композиция құру және орналастыру;
	Музыка	- бейнелеу өнеріне, музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; –балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу. **Музыка тыңдау:** - әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру; И.Сапарбаев. «Кап-кап, тук-тук-тук» Б.Бейсенова. «Күз» (Зерек ботақан). **Ән айту:** - әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. «Күз мезгілі тамаша» (Зерек ботақан) «Қолшатыр» сөзі мен әні: Г.Ерікқызы. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.** Келесі дағдыларды қалыптастыру: - қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу; «Шеңбермен жүреміз» әні және сөзі: Г.Абдрахманова. «Жапырақтар» әні мен сөзі: Г.Абдрахманова
Қараша	Денешынықтыру	**Негізгі қимылдар:** Бір қалыпты жүгіру Шашырап жүгіру Берілген бағытта жүгіру Әртүрлі қарқынмен жүгіру Қозғалмалы ойындар :«Пойыз». «Сызықты басып кетпе», «Мысық пен тышқандар», «Желкөбік» Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.

	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. **Сөздік қорды қалыптастыру.** Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс атауларын білуге үйрету.
	Көркем әдебиет	Әңгімелер мен ертегілердің мазмұнын қайталап айту. Қойылымға қатысуға баулу. Шығарма мәтінін кейбір сөздерді қайталау. Ертегілер мазмұнын қайталап Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. *(Қайырымдылық, Түлкі мен қоян,Торғай мен мысық, Бауырсақ ертегісі)*
	Сенсорика	**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**. Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сенсорика ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асыруды дағдыландыру. **Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру.** Өлшемдері әртүрлі геометриялық пішіндерді , өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету. *(Ұзын-қысқа, жоғары -төмен, көкеністер,осы пішінге ұқсас пішінді тап)*
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Еңбекке баулу.** Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға *(тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады және т.б.)* үйрету. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу,ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын акудару.Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. (*Бауырсақ, Шаршы құрастыр,Төбешік,Жиhаз)*
	Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. *(Балықтар жүзеді, бауырсақ,әуе шарлары,ирек жолдар)*
	Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуге үйрету.
	Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, жапсыруға үйрету. *(Балапан, алаңқайдағы саңырауқұлақтар,түлкі мен бауырсақ, торғай)*
	Музыка	-бейнелеу өнеріне, музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; -материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету; балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; -көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу;

		Музыка тыңдау: Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. «Алмалар» әні: М.Әубакіров сөзі: Т.Молдағалиев. «Тәтті бала» әні: Т.Сопиев сөзі: С.Оспанов **Ән айту:** Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздермен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып әнайту. «Жалауша» әні: А.Тоқсанбаев сөзі: И.Сапарбаев **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.** Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. «Топ –топ, балақан» әні: М. Арынбаев. «Кел, балақан» әні: К.Қуатбаев сөзі: А.Асылбек. «Жалаушамен би» қазақ маршына билету әні: А.Затаевич.
Желтоқсан	Денешынықтыру	**Негізгі қимылдар:** Алақанмен еңбектеу Тіземен тіреп еңбектеу Көлбеу тақтайдың бойымен еңбектеу Құрсаудан құрсауға аттап өту. Теңдік сақтау жаттығулары. шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. **Қозғалмалы ойындар.** «Өз үйіңді тап », «Сылдырмаққа дейін еңбектеп жету», «Асықты жинау», «Қақпа ішінде» Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөздік қорды қалыптастыру.** Балалардың сөздік қорын: жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) сұрақтарға жауап беруге үйрету.
	Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. *(Қыс, Бұл қай кезде болады? Сырғанақ, жасыл шырша)*
	Сенсорика	Ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру.Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. (*Ойыншықтар, шырша бізде қонақта,қуыршаққа арналған моншақтар, матрешкалардың көйлегін жамайық)*
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Еңбекке баулу.** Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолда **Адамгершілікке баулу.** Жақындарының

		жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу *(жанашырлық, қамқорлық таныту*). Ата-аналарын сыйлауға тәрбиелеу.
	Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.(*Қар бүршіктері, қоян, қонжық, мысық)*
	Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. *(жапалақтап қар жауды, ақ ұлпа қар, шыршаның шамдарын жағамыз, қардағы іздер)*
	Мүсіндеу	Табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат және т.б.) мүсіндеу.*(Аққала, шыршаны безендіреміз, білезек, моншақтар.)*
	Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, жапсыруға үйрету. (*аппақ қар, аққала, жаңа жылдық шырша, от шашау)*
	Музыка	-бейнелеу өнеріне, музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; -материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету; балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; -көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу. **Музыка тыңдау:**Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. «Менің Отаным» И.Нүсіпбаев. «Жасыл шырша» әні: К.Қуатбаев сөзі: К.Шалқаров. **Ән айту:** Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. «Аяз ата мен балалар» әні мен сөзі: Г.Абдрахманова **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.«Қаршақызбен балалар» сөзі мен музыкасы: Г. Абдрахманова. «Сұр қоян» А.Филиппенко, өңдеген К.Үбанұлы
Қаңтар	Денешынықтыру	**Негізгі қимылдар:** Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. **Қимылды ойындар.** Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру және т. б.).
	Сөйлеуді дамыту	**Сөздік қорды қалыптастыру**. Балалардың сөздік қорын:көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен атауды үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Неғұрым күрделі (Киім дүкені,Тазалық таза баланың досы, Көрсетжәне қайтала! Қуыршақ қонаққа келеді) сұрақтарға жауап беруге үйрету.

	Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. (*Торғай мен мысық, Дәрігер Айболит,Қасқыр мен жеті лақ)*
	Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру. *(Қақпақтар, қиылған суреттер,түсіне қарай жина, кімнің үйі тез жиналады)*
	Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел. *(Көңілді қыс, қысқы ағаштар,шырша, Қуыршақ Әйгкрімге арналған моншақтар)*
	Құрастыру	Кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, құрылыс материалдарын қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. *(гараж, поезд, алаңқайдағы шырша мен саңырауқұлақ, үй және ағаш)*
	Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, *(Мұз сүңгілері, маймақ маң-маң басады,Мұржадағы түтін, мұз айдынындағы іздер*
	Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. *(қар домалақтары, аққала,қоянға арналған сәбіз,пирамида)*
	Жапсыру	Кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. (*Торғайға жем шашаайық,Аққала,жүк машинасы,қуыршақтың бесік арбасы)*
	Музыка	- бейнелеу өнеріне, музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; - материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету; балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; - көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу; **Музыка тыңдау:**Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу. «Лақ» әні Д.Ботбаев, сөзі: А.Асылбеков. «Біз көңілді қуыршақпыз» (Зерек ботақан) **Ән айту:** Ересектің дауыс интонациясымен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөзтіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. «Кішкентай шырша» (Зерек ботақан), **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.** Әр түрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету,ойындар мен әндерді сахналау. «Қоңыр қонжық» әні: Т.Сарыбаева. «Билейміз» әні: Е.Андосов.

Ақпан	Денешынықтыру	**Негізгі қимылдар:**Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15см): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 см арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. **Орнында жүру.** Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).**Спорттық жаттығулар**.Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөздік қорды қалыптастыру.** Балалардың сөздік қорын: еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктерді үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау (*сырғанақ, тышқан мен арыстан, жақсы деген немене, жамен деген немене, бізге қонаққа кім келді?)*
	Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. *(Қыс қызығы,қолғап, ақ боран, аяз)*
	Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өзбетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.*(Көжекті жасыр, сақинаны ал, тауық және оның балапандары,дұрыс ажырат)*
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Табиғат әлемі.** Қыс мезгіліндегі болатын табиғат өзгерістері. (*Қар, боран, аяз, жел)* **Үй жануарлары** және олардың төлдерімен *(қозы, лақ, бота және т.б.)*, аңдармен (*аю, қасқыр, қоян және т.б.)* және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
	Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. (*Көпір, күшікке арналған үйшік,құстарға арналған жемсауыт, күрек)*
	Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және ұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. (*машинаның дөңгелектері, түрлі- түсті моншақтар,үйдің терезесіндегі жарықтар, торғайларға жем шашамыз)*
	Мүсіндеу	**Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін үйрету** Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгеру (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алып, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алуды) үйрету. *(үй құстарына жем шашайық, пирамида, ағаштар,)*
	Жапсыру	Фланелеграфте геометриялық пішіндерді, *(машиналарды, үйлерді, доптарды)* орналастырып жапсыруға үйрету.
	Музыка	-бейнелеу өнеріне, музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;

		-материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету; балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; - көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу. **Музыка тыңдау.** Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау,бұл әуендерді тани білу. «Ұйықта бөпем» әні: Қ.Шілдебаев сөзі: А.Асылбек. **Ән айту:** Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздермен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. «Ботақан» әні: Е.Өміров, сөзі: Р.Наурызбаева. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен,сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. «Бөбектер биі» әні: К.Қуатбаев
Наурыз	Денешынықтыру	**Негізгі қимылдар:** Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. **Еңбектеу, өрмелеу.** Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Биіктігі 10 см, ауданы 50 х 50 см модульге өрмелеу. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары** Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөздік қорды қалыптастыру** Балалардың сөздік қорын: Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру. **Байланыстырып сөйлеу.** «Бұл кім (не)?», «Не істеді?» қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
	Көркем әдебиет	Бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтуды үйрету.*(Әже, наурыз мейрамы, сылдырмақ, бөпем ұйықтасын)*
	Сенсорика	Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындау. Қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгерту. Түстердің атауларын дұрыс қолдануды үйрету. *(құртақандарға арналған үй,дөңгелек күн, шыршалар мен саңырауқұлақтар, бақбақ гүлі)*
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Табиғат әлемі** Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел және т.б. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғайлар, көгершіндер, қарғалар және т.б.), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек және т.б.), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. *(Көктем-сюжеттік суреттер,құстар біздің досымыз, Наурыз келді, үй құстары:тауық,әтеш,балапан)*

	Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастыру; Құрылыс материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажырата алуды үйрету.*(әдемі гүл,мысық, судағы балық,торғай)*
	Сурет салу	Дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелеуді үйрету. Қағаздың қасиеттерін білуді үйрету. Қаламды дұрыс ұстауға дағдыландыру. Түстерді ажыратуды және оларды дұрыс атауды үйрету. (*орамалды безендіру, әжемнің өрнектері, түрлі-түсті сақиналар, Сауленің көйлегін безендіреміз)*
	Мүсіндеу	Кесе, тостаған, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып мүсінгдеуді үйрету. Дайын болған бұйымды тұғырға орналастырып, жұмыстан кейін материалдарды жинастыруға дағдыландыру. (*анама арнап пряндік пісіреміз, сәбиге арналған сылдырмақ, итке арналған тостақ,табақтағы құрттар)*
	Жапсыру	Фланелеграфте геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін және т.б. орналастыру.(*анама арналған орамал,бөрікті сәндейміз,құрақ көрпе,торсықты әшекейлейік)*
	Музыка	бейнелеу өнеріне, музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; -материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету; балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; - көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу; **Музыка тыңдау.** Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау,бұл әуендерді тани білу. «Ұйықта бөпем» әні: Қ.Шілдебаев сөзі: А.Асылбек. **Ән айту:** Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздермен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. «Ботақан» әні: Е.Өміров, сөзі: Р.Наурызбаева. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен,сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. «Бөбектер биі» әні: К.Қуатбаев

Сәуір	Денешынықтыру	**Негізгі қимылдар:** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру** Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөздік қорды қалыптастыру** Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алуды үйрету. Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айту, ойыншық, киім, аяққиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атауды үйрету. (*Төлдерін табуға көмектес, Не қайда тұр? Не өзгерді? Жалпы атауын ата)*
	Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру,шағын тақпақтарды асықпай, анық айтуға қалыптастыру. *(Ормандағы аңдардың ұйқысынан оянуы, Құмырсқа мен көгершін, Алғашқы көмек, Аққу мен қаздар)*
	Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. *(Сурет құрастыр,көлеңкесін тап,түсіне қарай таңда,қуыршаққа арналған тартулар)*
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Табиғат әлемі.** «Болады», «болмайды», «қауіпті» ұғымдарымен таныстыру. Сумен, құммен және т.б. ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (суды ішпеу, құмды шашпау және т.б.) таныстыру. Өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау. (*Көктемгі табиғат, үлкендердің еңбегін бағалау, табиғат бұрышындағы тіршілік, бақбақ гүлін бақылау)*
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. *(жасыл шөп, әуедегі ұшақ, зымыран, адамның сұлбасы)*
	Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.

		(*жылғалардан су ақты,құстар сайрайды,шөптегі қанқыз, егістіктегі бақбақтар)*
	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.*(сәбиге арналған сылдырмақ, ұшақ, зымыран, әдемі гүл)*
	Жапсыру	Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастыру және құрастыру. Симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастыру. (*Қараторғайдың ұясы, бақбақ, өрістегі қошақандар, камзолды әшекейлейік)*
	Музыка	- бейнелеу өнеріне, музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; - материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету; балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; - көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу; **Музыка тыңдау:** Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. «Маманың мерекесі» сөзі: М.Мақатаев, әні: Н.Тілендиев. «Наурыз келді» (Зерек ботақан). **Ән айту:** Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. «Наурыз келді» әні: Н.Дүкенбаев сөзі: Қ.Смағұлов. «Мамам гүлдің бағбаны» (Зерек ботақан) **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. (қанатын жайып ұшқан құстар) «Көктем келді» (Зерек ботақан). «Орамалмен билейміз» әні: Т.Сарыбаева. «Жүгіреміз, жүгіреміз» сөзі, әні Г.Абдрахманова. «Би сайыс» халық әндері«Қара жорға» және «Қамажай» әніне билету.
Мамыр	Денешынықтыру	Өткенді қайталау. Спорттық жаттығулар Сауықтыру-шынықтыру шаралары Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру. **Қозғалмалы ойындар:** (*Маған қарай жүгір, Торғай мен мысық, Күн мен жаңбыр, Автомобиль мен торғайлар)*
	Сөйлеуді дамыту	**Байланыстырып сөйлеу** Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Өткенді қайталау.

	Көркем әдебиет	Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру,шағын тақпақтарды асықпай, анық айтуға қалыптастыру. *(Бұл қай кезде болады? Жазда, Әтеш пен тоты, айна)* Өткенді қайталау.
	Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. (*Түрлі- түсті шалғын,ұшатын көбелектер,көңілді балықшылар)* Өткенді қайталау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	«Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау. *(Тату доспыз бәріміз, Менің атам майдангер, абайла балақай, мөлдір су)* Өткенді қайталау.
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Өткенді қайталау.
	Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. *(Мерекелік отшашу,қошақандарға шөп береміз, доп салу, шуақты күн)*Өткенді қайталау.
	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. (*қуыршақ- құламағай т.б)* Өткенді қайталау.
	Жапсыру	Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастыру және құрастыру. Геометриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастыру. *(алаңқайдағы балапандар, түрлі- түсті жалаушалар т.б)* Өткенді қайталау.
	Музыка	-бейнелеу өнеріне, музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; -материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету; балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; - көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу. **Музыка тыңдау:** Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. «Қоңыр аю Қорбаңбай» әні: Б.Дәлденбай. «Лили-полька» әні: Тен Чу. **Ән айту:** Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздермен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. «Мысық» әні:

		Б.Дәлденбай сөзі: Ж.Әбдірашев. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** Музыканың сүйемелдеуі мен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. «Төлдер сөзі» әні мен сөзі Ж.Өмірбеков, Б.Ғизатов. «Лақ пен күшік» әні: С.Соснин «Тыңдаймыз да ойнаймыз» сөзі: Г.Абдрахманова «Барабан» әні: Б.Дәлденбаев сөзі: Ж.Әбдірашев. «Мысықай мен мысық» әні: К.Қуатбаев сөзі: А.Асылбеков. «Көңілді саусақтар» әні: және сөзі: Г.Абдрахманова.